

Хаттама
кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестің машина жасау
саласындағы отырыстары (бұдан әрі – салалық кеңес)

Астана қ. 17 қараша 2023 ж.

16.00 сағ.

Төрағалық етті: И.Е. Оспанов – Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі;
салалық кеңес төрағасының орынбасары

Қатысқандар: салалық кеңес мүшелері (тізім бойынша)

Күн тәртібі:

1. Салалық кеңес төрағасын таңдау.
2. «Машина жасау» біліктілігінің өзектендірілген салалық шеңберін бекіту туралы (баяндамашы А.Д. Ахметов – ҚР ӨҚМ ӨК электротехникалық және ауыр машина жасау басқармасының басшысы).
3. Салалық кеңестің отырыстарын өткізу кестесін келісу туралы.

Талқылау нәтижелері бойынша шешім қабылданды:

1. ҚР Үкіметінің Ұлттық біліктілік жүйесін дамыту және кәсіптік біліктілік туралы жаңа заңнаманы іске асыру жөніндегі хаттамалық тапсырмаларын орындау мақсатында:
 - дауыс беруді ескере отырып, салалық кеңестің төрағасы ретінде Қайрат Уалиұлы Еламановтың (Қазақстан автобизнес қауымдастығын тәуелсіз сарапшысы) кандидатурасы бекітілсін (жақтап – 8, Қарсы - 0);
2. «Машина жасау» салалық біліктілік шеңберінің ережелерін өзектендіру бойынша жүргізілген жұмыс туралы Өнеркәсіп комитетінің ақпаратын назарға алу:
 - «Машина жасау» біліктілігінің өзектендірілген салалық шеңбері бекітілсін.
3. Машина жасау саласындағы салалық кеңестің хатшысына:
 - кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес мүшелеріне осы Хаттамаға қол қояды және таратуды қамтамасыз ету;
 - салалық кеңестің ай сайынғы отырыстарын өткізуді қамтамасыз ету, оларды өткізудің жоспары мен кестесін жасау.

**Вице-министр,
Салалық кеңес төраға орынбасары**

И. Оспанов

Қатысушылар тізімі:

Азамат Даулетұлы Ахметов	Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Өнеркәсіп комитетінің электротехникалық және ауыр машина жасау басқармасының басшысы;
Бахытжан Ертемирұлы Момбеков	- Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы Индустрия департаментінің 1 санатты сарапшысы (келісу бойынша);
Серік Бапайұлы Күзембаев	- «Қазақстан машина жасаушылар одағы» заңды тұлғалар бірлестігінің тәуелсіз сарапшысы (электротехникалық және ауыр машина жасау) (келісу бойынша);
Қайрат Уалиұлы Еламанов	- «Қазақстандық автобизнес қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің мемлекеттік реттеу жөніндегі директоры (келісу бойынша);
Самат Рахимғалиұлы Байгереев	- «Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Халықаралық Инженерия мектебі деканының орынбасары, PhD (келісу бойынша);
Мұрат Сеитұлы Мұздыбаев	- «Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Халықаралық Инженерия мектебінің профессоры, техника ғылымдарының кандидаты, жоғары аттестаттау комиссиясының доценті (келісу бойынша);
Риза Ғабдысалық	- «Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Халықаралық Инженерия мектебінің қауымдастырылған профессоры, PhD (келісу бойынша);

Қуат
Курганұлы Комбаев

- «Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Халықаралық Инженерия мектебінің қауымдастырылған профессоры, техника ғылымдарының кандидаты (келісу бойынша);

Жасұлан
Әнуарбекұлы Қастаев

- Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Өнеркәсіп комитетінің Электротехникалық және ауыр машина жасау басқармасының сарапшысы, Машина жасау өнеркәсібі саласындағы кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестің хатшысы.

Согласовано

28.11.2023 10:05 Ахметов Азамат Дәулетұлы

28.11.2023 10:37 Суюнбаев Шыңғыс Нурманович

28.11.2023 11:33 Панбаев Азамат Серикович

Подписано

29.11.2023 19:08 Оспанов Ильяс Есетович

